

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 1 маусымдағы № 337 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 маусымда № 22941 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

2021 жылғы " ____ " _____

Н. Ермекбаев

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы 1 маусымдағы
№ 337 бұйрығымен бекітілген

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнына баға белгілеу процесін қамтиды, реттеу мәні қорғаныс және қауіпсіздік саласында ақылы негіздегі қызметтерді көрсету (жұмыстар) кезінде туындайтын құқықтық қатынастар болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың тапсырыс берушісі – зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы жүргізуге өтінім (бұдан әрі – өтінім) беретін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының құрылымдық бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бас басқармалары мен басқармалары, әскер түрлері бас қолбасшыларының басқармалары (бұдан әрі – тапсырыс беруші);

2) зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың әлеуетті орындаушысы – зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындауға жобаны (бұдан әрі – жоба) берген заңды және/немесе жеке тұлға (бұдан әрі – әлеуетті орындаушы).

2-тарау. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау

4. Зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындау үшін тапсырыс беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеулерді (консалтингтік көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік тапсырманы) жүргізуге өтінім береді.

5. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын қалыптастыру кезінде әлеуетті орындаушы мынадай шығынды шығысқа жатқызады:

1) еңбекке ақы төлеу;

2) қызметтік іссапарлар;

3) өзге де көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар (жоба бойынша зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындау кезінде өзге де ұйымдар, кәсіпкерлік субъектілері көрсететін қызметтер, жұмыстарды орындау (аутсорсинг) жұмыстарды орындаушыларды және жобаны іске асыру бойынша жұмыстар түрлерін, ауқымын, күтілетін нәтижелер бойынша ашып көрсетумен ұсынылады;

4) материалдарды (шығыс материалдарын) сатып алу;

5) ғылыми-ұйымдастыруды сүйемелдеу (жарияланымдарға, талдамалы материалдарды патенттеуге және сатып алуға шығыстар);

6) үй-жайларды, жабдық пен техниканы жалға алу;

7) жабдық пен техникаға пайдалану шығыстары (жобаны іске асыруға байланысты коммуналдық көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындауға тікелей тартылған үй-жайларға, жабдық пен техникаға қызмет көрсетуге шығыстар);

8) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.

6. Әлеуетті орындаушы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын қалыптастыру кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген кестелерге сәйкес барлық есептерді толтырады және тапсырыс берушіге ұсынады.

7. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу" порталынан орташа баға осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген өтінімдегі есептермен сәйкес келмеген жағдайларда тапсырыс беруші ескертулерді жою үшін өтінімді әлеуетті орындаушыға қайтарады. Әлеуетті орындаушы толық пысықтаған есептерді қайтарылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге жолдайды.

Зерттеулердің, консалтингтік
көрсетілетін қызметтер мен
мемлекеттік тапсырманың
құнын айқындау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Зерттеулерді (консалтингтік көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік тапсырманы) жүргізуге өтінім

Құрылымдық бөлімше: _____

_____ (Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Бас штабы, Қарулы Күштері құрылымдық бөлімшесінің атауы (бұдан әрі – ҚР ҚМ, БШ, ҚК құрылымдық бөлімшесі)

Тақырыбы:

_____ (қысқартусыз зерттеулер (консалтингтік көрсетілетін қызметтер, мемлекеттік тапсырма) тақырыбының толық атауы)

Өзектілігінің негіздемесі: _____

—

(зерттеулерді (консалтингтік көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік тапсырманы) жүргізу қажеттілігінің нақты сипаттамасы)

Күтілетін нәтижелер:

1. _____
2. _____
3. _____

(зерттеулер (консалтингтік көрсетілетін қызметтер, мемлекеттік тапсырма) күтілетін нәтижелерінің қысқаша сипаттамасы)

Болжамды іске асыру мерзімі: _____

—

(зерттеулер (консалтингтік көрсетілетін қызметтер, мемлекеттік тапсырма) аяқталатын болжамды ай және жыл)

Болжамды мақсатты іссапарлар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

(зерттеулерді (консалтингтік көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік тапсырманы) анағұрлым сапалы орындау үшін бару қажет орынды көрсету)

Құрылымдық бөлімшенің бастығы _____

(Тапсырыс берушінің атауы)

Әскери атағы _____ тегі, инициалдары

(ҚР ҚМ, БШ, ҚК құрылымдық бөлімшесі бастығының қолы)

Күні Мөр орны

Зерттеулердің, консалтингтік
көрсетілетін қызметтер мен
мемлекеттік тапсырманың
құнын айқындау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Р/с №	Шығыстар құжатының атауы	Қаржыландыру ауқымы, мың теңге		
		20_ _ жыл (1-ші жыл)	20_ _ жыл (2-ші жыл)	20_ _ жыл (3-ші жыл)
1.	Еңбекке ақы төлеу			
2.	Қызметтік іссапарлар:			
1)	Қазақстан Республикасы шегінде			
2)	Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге			
3.	Басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар			
4.	Материалдарды сатып алу			
5.	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу			
6.	Үй-жайларды жалға алу			
7.	Жабдық пен техниканы жалға алу			
8.	Зерттеулерді (консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы) іске асыру үшін пайдаланылатын жабдық пен техниканы пайдалану шығысы			
9.	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер			
Жиыны				

Ескертпе:

Жоба (бюджет) бойынша жиынтық есеп жұмыс жоспарына сәйкес бөлінеді және осы жобамен байланысты шығыстар құжатына жіберіледі.

2-кесте – Еңбекке ақы төлеу

Р/с №	Ұстаным	Жұмыспен қамтылуы (толық / толық емес)	Еңбекке ақы төлеу, теңге							Барлығы (6-баған + 8-баған + 10-баған)
			Мөлшерлеме, айына, теңге	1-ші жыл		2-ші жыл		3-ші жыл		
1	2	3	4	Жұмыс айының саны	Сомасы (3-баған x 4-баған x 5-баған)	Жұмыс айының саны	Сомасы (3-баған x 4-баған x 7-баған)	Жұмыс айының саны	Сомасы (3-баған x 4-баған x 9-баған)	11
Жиыны				x		x		x		

Ескертпе:

Жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарнасын (штаттық кесте жобасын қоса беру) ескере отырып, жоба персоналының еңбегіне сыйақы ретінде төленуге тиіс шығыстар көрсетіледі. Бұл ретте еңбегі үшін ай сайынғы сыйақы Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының сайтында есепті жасау күні орналастырылған Қазақстан Республикасындағы орташа жалақыдан аспауға тиіс. Есепте сонымен қатар өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалыс ақысын төлеу ескеріледі.

Өтінімді дайындау күніне деректері белгісіз және зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындаған жағдайда оларды тарту жоспарланатын персонал үшін "Т.А.Ә. (бар болған кезде), дәрежесі/ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы" деген бағанда "Бос орын" деген сөз көрсетіледі.

Өтінімді дайындау күні айқындалмаған персонал үшін "Негізгі жұмыс орны, лауазымы" деген бағанда сызықшамен көрсетіледі.

3-кесте – Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлар

Р/с №	Белгіленген пункт (елді мекеннің атауы, облыс)	1 адамға шығысты өтеу нормалары, теңге		Орташа жылдық сан адам/күн		Іссапарға жіберілетіндердің орташа жылдық сан, адам	Екі жаққа бір рет барып-қайту жолақысының орташа құны, теңге	Барлығы, мың теңге 7-баған × (3-баған × 5-баған + 4-баған × 6-баған) + 7-баған × 8-баған
		тәуліктік (2 АЕК)	тұрғын үй-жайды жалдау	тәуліктік шығыс үшін	тұрғын үй-жайды жалдау бойынша			
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	20__жыл (1-ші жыл)						x	
1)								
2)								
2.	20__жыл (2-ші жыл)						x	
1)								
2)								
3.	20__жыл (3-ші жыл)						x	
1)								
2)								
Жиыны (1-баған + 2-баған + 3-баған)								

Ескертпе:

Конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуды, инфрақұрылымды пайдалануға арналған сапарларды қоса алғанда, зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы жүргізумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасының шегінде және одан тысқары жерлерге іссапарлармен байланысты барлық шығыстар көрсетіледі (билеттер бойынша (авто, теміржол,

авиабилеттер) қызмет көрсетілетін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарының жобасын қоса беру).

Іссапарға жіберілген қызметкерге шығыстарды өтеу сомасы кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережеге және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4-кесте – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге қызметтік іссапарлар

Р/с №	Іссапарға баратын жер (ел, қала)	Шығыстар құжатының атауы	Құны, теңге	Адамның орташа жылдық саны /күндер	Іссапарға жіберілетін адамдардың орташа жылдық саны	Барлығы, мың теңге (4-баған x 5-баған x 6-баған)
1	2	3	4	5	6	7
1.	20__ жыл (1 жыл), барлығы		x	x		
		Екі жаққа барып-қайтуға жол жүру ақысы, теңге				
		Тұру ақысы, тәулігіне теңгемен				
		Тәулікақы, тәулігіне теңгемен				
		Визалық шығыстар, теңге				
		Медициналық сақтандыру, теңге				
Барлығы						
2.	20__ жыл (2-ші жыл), барлығы		x	x		
		Екі жаққа барып-қайтуға жол жүру ақысы, теңге				
		Тұру ақысы, тәулігіне теңгемен				
		Тәулікақы, тәулігіне теңгемен				
		Визалық шығыстар, теңге				
		Медициналық сақтандыру, теңге				
Барлығы						

3.	20__ жыл (3-ші жыл), барлығы	x	x		
	Екі жаққа барып-қайтуға жол жүру ақысы, теңге				
	Тұру ақысы, тәулігіне теңгемен				
	Тәулікақы, тәулігіне теңгемен				
	Визалық шығыстар, теңге				
	Медициналық сақтандыру, теңге				
Барлығы					
Барлығы (1-баған + 2-баған + 3-баған)		x	x		

Ескертпе:

Жобаны іске асырудың тиісті жылында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әрбір іссапарға толтырылады.

Қызметкерлерге тәуліктік шығыстарды өтеу нормалары және қонақүй нөмірлерін жалдау жөніндегі шығыстарды өтеудің шекті нормалары "Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысына сәйкес есептеледі.

Шетелге шыққан кезде "Экономикалық" сыныбы бойынша авиабилет құны мөлшерінде шетел валютасындағы көлік шығыстары өтеледі.

5-кесте – Басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар

Р/с №	Көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша сипаттамасы	Орындаушы	Көрсетілетін қызмет нәтижесі	Өлшем бірлігі	Бірлік саны	Барлығы, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1.	20__ _ жыл (1 жыл)	x	x	x	x	
1)						
2)						
	Барлығы					
2.	20__ _ жыл (2-ші жыл)	x	x	x	x	
1)						
2)						
	Барлығы					
3.	20__ _ жыл (3-ші жыл)	x	x	x	x	
1)						
2)						
	Барлығы					
Барлығы (1-баған + 2-баған + 3-баған), мың теңге			x	x	x	

Ескертпе:

Орындаушы кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажет зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындаумен байланысты көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде (1) ұжымдық пайдаланудағы ғылыми зертханалар және басқа да зертханалар, (2) көрсетілетін қызметті бірлесіп орындаушы ұйымдар көрсететін қызметтерге шығыстар, (3) конференцияларға, семинарлар мен симпозиумдарға (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу" порталынан орташа баға қоса беріледі) қатысқаны үшін ұйымдық жарналар көрсетіледі.

6-кесте – Материалдарды сатып алу

Р/с №	Материалдардың атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін бағасы, теңге	20__ жыл (1 жыл)		20__ жыл (2-ші жыл)		20__ жыл (3-ші жыл)		Құны барлығы, теңге (6-баған + 8-баған + 10-баған)
				Саны	Құны, теңге (4-баған x 5-баған)	Саны	Құны, теңге (4-баған x 5-баған)	Саны	Құны, теңге (4-баған x 5-баған)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жиыны:				x		x		x		

Ескертпе:

Жоба мақсатына қол жеткізу үшін материалдарға, оның ішінде химиялық реактивтерге, ерітінділерге, стандартты үлгілерге, зертханалық шығыс материалдарына, ғылыми-зерттеу жабдығы үшін қосалқы бөлшектерге, жанар-жағармай материалдары мен басқаларға (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу" порталынан орташа баға қоса беріледі) қажетті зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындаумен байланысты барлық шығындар көрсетіледі.

7-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу

Р/с №	Көрсетілетін қызмет атауы	Көрсетілетін қызмет нәтижесі, оның негізгі сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Бірлік саны	Барлық құны, теңге
1	2	3	4	5	6
1.	20__ жыл (1 жыл), барлығы		x	x	
1)					
2)					

2.	20__ жыл (2-ші жыл), барлығы	x	x	
1)				
2)				
3.	20__ жыл (3 жыл), барлығы	x	x	
1)				
2)				
Жиыны (1-баған + 2-баған + 3-баған)		x	x	

Ескертпе:

Жоба нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге (1), зерттеулер нәтижелерін жариялауға, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырмаға (2), талдау материалдарын сатып алуға (3) (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу" порталынан орташа баға қоса беріледі) шығыстары көрсетіледі.

8-кесте – Үй-жайларды жалға алу

Р/с №	Қызмет атауы	Жалдау объектісінің негізгі сипаттамалары	Өлшем бірлігі	Бірлік құны, теңге	Бірлік саны	Барлығы, теңге (5-баған x 6-баған)
1	2	3	4	5	6	7
1.	20__ _ жыл (1 жыл), барлығы	x	x	x		
1)						
2)						
2.	20__ _ жыл (2-ші жыл), барлығы	x	x	x		
1)						
2)						
3.	20__ _ жыл (3 жыл), барлығы	x	x	x		
1)						
2)						
Жиыны (1-баған + 2-баған + 3-баған)		x	x	x		

Ескертпе:

Өтініш иесінде тиісті үй-жайлар болмаған кезде жоба мақсатына қол жеткізу үшін қажетті үй-жайларды, жабдық пен техниканы жалға алуды зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындаумен байланысты (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу" порталынан орташа баға қоса беріледі) шығыстар көрсетіледі.

9-кесте – Жабдықты және техниканы жалға алу

Р/с №	Салық бойынша есептер	Салық салынатын еңбекке ақы төлеу қоры немесе салық салынатын сома, теңге	Мөлшерлеме, %	20__ жыл (1 жыл)	Мөлшерлеме, %	20__ жыл (2-ші жыл)	Мөлшерлеме, %	20__ жыл (3-ші рет)	Барлығы (бағ.5-бағ. + 7+ гр.9)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.	Әлеуметтік салықты төлеуге арналған шығыстар есебі								
2.	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығыстар есебі								
3.	Әлеуметтік міндетті сақтандыруға аударымдар								
4.	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасы								
5.	Бюджетке басқа да міндетті төлемдер:								
1)	_____ (салық атауы немесе төлем)								
2)	_____ (салық атауы немесе төлем)								
3)	_____ (салық атауы немесе төлем)								
	Жиыны	x	x		x		x		

Ескертпе:

Зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты әлеуметтік салықты, әлеуметтік сақтандыруды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге арналған шығыстар көрсетіледі.

12-кесте – Жобаны іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары

--	--	--	--	--

Р/с №	Міндеттер атауы және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Орындауды бастау (күн/ай/жыл)	Ұзақтығы, ай	Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бойынша), аяқталу нысаны		
				1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл
1	2	4	5	6	7	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК